


2025-2026 оқу жылының есебі.

1. «Тіл – татулықтың тірегі» атты тақырыптағы Қазақстан халқы тілдері күніне арналған облыстық форум іс-шарасына қатысу. (Жауапты: Құлбарақ С.О.) Жамбыл облысы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту басқармасы «5 қыркүйек-Қазақстан халқы тілдері күні» мерекесіне орай 2025 жылғы 5 қыркүйек күні өңірде тіл саясатын насихаттау, мәртебесін көтеру, оның қолданыс аясын кеңейту, мемлекеттік тілді меңгерген өзге этнос өкілдерін ынталандыру мақсатында «Тіл – татулықтың тірегі» атты тақырыптағы Қазақстан халқы тілдері күніне арналған облыстық форум іс-шарасына «Дулатитану және Өңір тарихы» ғылыми-зерттеу орталығының бас ғылыми қызметкері филология ғылымының докторы, профессор Құлбарақ С. қатысушыларды құттықтап, мемлекеттік тілдің қоғамдағы рөлін ерекше атап өтті. Ол өз сөзінде: «Мемлекеттік тілді дамыту мен оның қолданыс аясын кеңейту – әрбір азаматтың міндеті. Сіздердің еңбектеріңіз арқылы қазақ тілі бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен қолданыс тауып, еліміздің рухани байлығын насихаттауға үлкен үлес қосады» деп атап өтті.



2. «М.Х.Дулатидің өмірі мен шығармашылығы» тақырыбында «Филология және журналистика» кафедрасының 6B03212- Журналистика және 6B02311-Филология білім беру бағдарламаларының 1 курс білімгерлеріне насихаттау мақсатында лекция оқу. (Жауапты: Құлбарақ С.О.) «М.Х. Дулатидің өмірі мен шығармашылығы» тақырыбындағы лекция.

«Филология және журналистика» кафедрасы 6B03212 – Журналистика және 6B02311 – Филология білім беру бағдарламаларының 1-курс білімгерлеріне арналған «М.Х. Дулатидің өмірі мен шығармашылығы» атты лекция өткізді. Іс-шараның жауаптысы – Құлбарақ С.О.

Лекция барысында Мұхаммед Хайдар Дулатидің өмір жолы, әдеби және тарихи мұрасы, «Тарих-и Рашиди» еңбегінің мәні, сондай-ақ ғалымның түркі әлеміндегі орны жан-жақты түсіндірілді. Білімгерлер тұлғаның шығармашылық мұрасымен тереңірек танысып, өздерінің ғылыми көзқарастарын кеңейтуге мүмкіндік алды.

Лекция соңында студенттер сұрақтар қойып, еркін пікір алмасу ұйымдастырылды.



10 қыркүйек 2025жылы

3.«М.Х.Дулатидің өмірі мен шығармашылығы» тақырыбында «Тарих» кафедрасының 6В02211-Тарих білім беру бағдарламасының 1 курс білімгерлеріне насихаттау мақсатында лекция оқу (Жаупты: Сейткулова Ж.М.)

Ғалым мұрасымен танысу. 11 қыркүйек күні сағат 9-00 де «Тарих» кафедрасының 6В02211-Тарих білім беру бағдарламасының 1 курс студенттеріне арнап кафедра т.ғ.к., доцент Ж.М.Сейткулова «М. Х. Дулатидің өмірі мен шығармашылығы» тақырыбында ашық лекция сағатын өткізді. Ж.М.Сейткулова 1997 жылы 13-15 наурызда, Жамбыл университетінде «М. Х. Дулатидің өмірі мен шығармашылығына» арнап өткен халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция қарарының негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 3 қарашадағы № 1485 қаулысымен Жамбыл университетіне көрнекті ғалым, тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулати есімі берілгендігі туралы атап өтті. Сондай-ақ М. Х. Дулатидің ата тегі, медиевистика саласында әлемге танымал, парсы тілінде жазылған «Тарих-и-Рашиди» еңбегі, көне түркі тілінде жазылған «Жаһан-наме» поэмасының мазмұны және оларды елімізге танымал еткен ғалымдар туралы жан-жақты түсіндірді. Университетіміздегі дәстүрлі «Дулати оқулары», «Дулатитану» ғылыми-зерттеу орталығы туралы баяндады. Студенттерге М.Х.Дулатидің «Тарих-и Рашиди» еңбегінің алғашқы, тарихи жазба түп дерек ретінде маңыздылығы, ұлттық мемлекеттілігіміздің негізі қаланғаны туралы жазылғандығы айтылды. Осы негізбен 2014 жылдың 31 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 1448 «Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойын 2015 жылы тойлау туралы» қаулысы шығып, әлем жұртшылығы алдында Қазақ хандығының 550 жылдық мерекесі тойланғаны түсіндірілді. Студенттер ашық лекция сабағынан көрнекті мемлекет қайраткері, тарихшы ғалым, ақын Мұхаммед Хайдар Дулати жайлы көптеген мағлұматтар алды.



17 қыркүйек 2025 жылы

5. Тараз қаласы «Орталықтандырылған көпшілік кітапханалар жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Сізден, Абай атындағы орталық кітапханасында «Book Dating» Жобасы аясында 2025 жылдың 17 қыркүйек күні сағат 11-00-де «Шығыстың ұлы ойшылы» атты зиялы қауым өкілдерінің қатысуымен өткізілетін оқырмандар конференциясына филология ғылымдарының докторы, профессор, «Дулатитану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры Сәмен Құлбарак Оразғалиұлының қатысуын қамтамасыз етуіңізді сұранады.



19 қыркүйек 2025 жылы

6. Өлке тарихын архив құжаттармен танысу. 19 қыркүйек күні Жамбыл облысының мемлекеттік архиві Қазақстан Республикасының Ұлттық архиві «Архив және болашақ ұрпақ» республикалық жобасы аясында ашық есік күнін М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің 6В02211-Тарих білім беру бағдарламасының 2-курс студенттерімен «Жамбыл облысының мемлекеттік архивінің деректері (1920-1950ж.ж.)» атты тақырыпта бірлесе дөңгелек үстел форматында өткізді. Студенттер университеттің «Дулатитану және

Өңір тарихы» ғылыми зерттеу орталығының директоры т.ғ.к., доцент Ж.М. Сейткулова жетекшілігімен барды. Іс-шараның мақсаты – қазақ халқының төл тарихы мен тұлғаларға қатысты құнды құжаттарды ұрпақ санасында жаңғырту, ұлттық тарих пен мәдениетке деген қызығушылықты арттыру және жастардың патриоттық сезімін ояту. Дөңгелек үстел барысында облысқа танымал «Ақ жол» газетінің тілшісі, ардагер Ә. Баққараұлы мен облыстық архивтің бөлім басшысы С.Зейнуллаұлы, университет доценті, т.ғ.к., Ж.М. Сейткулова студенттерге Жамбыл облысының құрылу тарихымен қоса өңірде басшылық жасаған қызметкерлердің өмірі мен жасаған еңбектері, облыстағы сол уақыттардағы әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму үдерісі айтылып, архивтегі фото шежірелер негізімен толықтырылып көрсетілді. Бүгінде баға жетпес тарихи құнды жазба деректер қорын құрайтын 1939-1950 жылдардағы облыста шыққан газет материалдары тізбесімен студенттер танысты. Жыл сайын еліміздің барлық мемлекеттік архивтерінде өткізілетін Ашық есік күні биылғы жылы М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің 6В02211-Тарих білім беру бағдарламасының 2-курс студенттері үшін танымдық маңызы жағынан зор атаулы күн ретінде өтті.



7.Бақ-жарияланымдар :

1. Құлбарақ С.О.-«Халық үшін тыныштық пен тұрақтылық керек » «Арай»газеті 11 қыркүйек 2025ж
www.arainfo.kz/aray2008@mail.ru



8. «Дөңгелек үстел» 30 қыркүйек 2025 жыл, сағ.11.00

Жазушы-драматург Е.Әлімжанның 80 жылдығына арналған
«Елен Әлімжан шығармаларындағы қазіргі заман бейнесі» тақырыбындағы
«дөңгелек үстел» отырысы туралы

2025 жылдың 30 қыркүйегінде сағат 11.00-де М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінде жазушы-драматург Елен Әлімжанның 80 жылдық мерейтойына арналған «Елен Әлімжан шығармаларындағы қазіргі заман бейнесі» атты «дөңгелек үстел» отырысы өтті.

Іс-шараны университеттің гуманитарлық бағыттағы ғылыми-зерттеу орталығы мен филология факультетінің профессор-оқытушылар құрамы бірлесіп ұйымдастырды.

«Дөңгелек үстелге» филология ғылымдарының кандидаттары, доценттер, жас ғалымдар мен студенттер қатысып, жазушы-драматург Елен Әлімжанның қазақ әдебиетіне қосқан үлесі, оның шығармаларындағы заманауи кейіпкерлердің бейнесі, әлеуметтік тақырыптардың көрінісі және драматургиялық стиль ерекшеліктері кеңінен талқыланды.

Шара барысында қатысушылар қаламгердің ұлттық рухты дәріптеген туындыларының тәрбиелік мәніне тоқталып, оның шығармаларының бүгінгі жастарға берер тағылымы туралы ой бөлісті.

«Дөңгелек үстел» отырысы мазмұнды пікір алмасуға, шығармашылық көзқарасты қалыптастыруға және Е.Әлімжанның әдеби мұрасын насихаттауға бағытталған маңызды шара болды.

Қорытындысында қатысушылар Елен Әлімжан шығармашылығының қазақ драматургиясы мен прозасындағы айрықша орнын атап өтіп, жазушының әдеби мұрасын жас ұрпаққа кеңінен насихаттау қажеттігін ұсынды.



9. Бақ-жарияланымдар : Ғылыми мақала,15.10.25ж

ӘДЕБИЕТТАНУ/ LITERATURE STUDIES/ ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ

<https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-152-3-206-219>

Тақырыбы; Қытайдағы қазақ топонимдік аңыздары мен мотивтер

С.О. Құлбарак, <https://bulphil.enu.kz/index.php/main/article/view/1095/661>



2025 жылдың 15 қазанында

10.«Тараз – тарих және тағылым» халықаралық конференциясы туралы.

2025 жылдың 15 қазанында Тараз қаласында Ш. Мұртаза атындағы «Руханият және тарихтану» орталығының ұйымдастыруымен «Тараз – тарих және тағылым» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Іс-шараға Қазақстан, Түркия, Өзбекстан және Қырғызстан мемлекеттерінен ғалымдар мен зерттеушілер қатысты. Конференция барысында көне Тараздың тарихи және мәдени мұрасы, археологиялық зерттеулердің нәтижелері мен өңірдің өркениеттік маңызы талқыланды.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің «Дулатитану және өңір тарихы» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Сейтқұлова Жанна Мәмбетқызы «Ортағасырлық Тараздың қолөнер тарихы» тақырыбында мазмұнды баяндама жасап, Тараз шеберлерінің қолөнер дәстүрінің дамуы мен мәдени сабақтастығы туралы құнды деректер ұсынды.

Конференция соңында қатысушылар Тараздың тарихи мұрасын зерттеу мен сақтау ісінде халықаралық ғылыми ынтымақтастықты дамыту қажет екенін атап өтті.



**2025 жылдың 22 қазанында
XX ғасырдағы Жамбыл облысы тарихының аспектілерін архив деректері негізінде
зерделеген республикалық ғылыми-әдістемелік семинар өтті**

25 қазан Республика күніне орай «Дулатитану және Өңір тарихы» ғылыми-зерттеу орталығы мен «Тарих» кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы 2025 жылдың 22 қазан күні «XX ғасырдағы Жамбыл облысы тарихының аспектілері (мұрағаттық деректер негізінде)» атты тақырыпта республикалық ғылыми-әдістемелік семинар ұйымдастырып, өткізді.

1990 жылғы 25 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі тәуелсіз Қазақстанның бірінші құқықтық құжаты – Республиканың егемендігі туралы декларацияны қабылдап, Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі саяси-құқықтық негізін жариялады.

Егемендік декларациясы қазақ елінің жаңа тарихының бетін ашып, тәуелсіздікке жол салды. Сол кезеңдерден бері еліміздің тарихының ақтандақтар беттері қайта зерделеніп, толығып келеді. Әсіресе, өңір тарихы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары соңғы кезеңдерде жаңа бетбұрыспен жан-жақты зерделенуде.

Осыған орай өткізіліп отырған ғылыми-семинардың негізгі мақсаты – тарихтан тағылым алуда XX ғасырдағы Жамбыл облысының тарихи аспектілерін архив деректері негізінде саралап, зерттеп, ғылыми айналымға енгізу. Бұл бағытта жасалып жатқан ізденістер – өңір тарихының жаңа қырларын ашуға және жас ұрпаққа тарихи сананы терең ұғындыруға үлкен мүмкіндік береді. Ел тарихы түгенделмей – болашақ баянды болмайды. Өткен тарихты толғап, кейінгі буынға жеткізу жолында архив саласының қоғамдағы маңызы орасан.

Ғылыми-семинарға республикаға танымал ғалымдар мен зерттеушілер атсалысты. М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің Басқарма мүшесі – ғылым және цифрландыру жөніндегі проректор Орынбаев Сейітжан Әуесжанұлы алғы сөз алып, іс-шараны ашып, құттықтап, семинарға қатысып отырған зерттеушілердің ғылыми ойлары ортаға салынып, XX ғасырдағы Жамбыл облысының тарихына қатысты өзекті зерттеу мәселелері архив деректері негізінде ұсынылады деген сенімін білдірді. Сондай-ақ осындай семинарлардағы ғылыми айналымға енбеген зерттеу жұмыстарын талдаудағы тың ізденістер жастарға ғылыми бағыт бере отырып, қызығушылықтарын арттыруда маңызды екендігін атап өтті.

Республикалық ғылыми-семинардың келесі қонағы, елімізге танымал ғалым, ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҒЖБМ ҒК, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры Зиябек Ермұханұлы Қабылдинов онлайн форматта «Қазіргі кезеңдегі аймақ тарихы бойынша өзекті мәселелер» тақырыбында ғылыми баяндамасын ортаға сала отырып, өңірлер тарихын зерттеу ісіндегі

жаңа бағыттар мен архив материалдарының маңыздылығын ерекше атап өтті. Үлкен Отанға – Қазақстан Республикасына деген махаббат тарихы – адамның кіші Отанына деген махаббатынан бастау алатындығын, Өз ауылының, ауданы мен облысының тарихын білмей тұрып, Қазақстанның жалпы тарихын ешқашан біле алмайтындығын баса жеткізді. Тарихымызды жаңғыртуда өңірлік компоненттердің маңызы зор екендігіне тоқталды.

Семинар барысында әртүрлі бағыттағы ғылыми баяндамалар тыңдалып, XX ғасырдағы аймақтың әлеуметтік, мәдени және экономикалық дамуы мен полиэтностық жүйесінің тарихы архив деректері негізінде талқыланды.

Жамбыл облысы мемлекеттік архивінің бөлім басшысы – Зейноллаұлы Сағындық – «1917–1950 жылдардағы архив құжаттарын сараптау», «Дулатитану және Өңір тарихы» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, т.ғ.к., доцент Сейткулова Жанна Мәмбетқызы «Жамбыл облысындағы этностар мен этникалық топтар тарихы (архив деректері негізінде)», «Тарих» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, PhD Мақсұтова Альбина Әбенқызы «Жамбыл облысындағы тәркілеу мен ашаршылық зардаптары», Л.Н. Гумилев атындағы Евразия Ұлттық университетінің Тарих ББ 3-курс докторанты Ермаханова Рая Бейсенәліқызы «Ш.Мұртазаның жеке мұрағаттының негізіндегі зерттеулер», «Тарих» кафедрасының аға оқытушысы, география магистрі Қонысбекова Қымбат Қонысбекқызы «Жамбыл облысының тарихи-мәдени мұраларының туристік мүмкіндіктері», «Тарих» кафедрасының аға оқытушысы, тарих магистрі Биназарова Назым Нұрланқызы «Архивные фонды Жамбылской области как источник по истории Казахстана XX века», «Тарих» кафедрасының аға оқытушысы, тарих магистрі Алпысбаева Ғалия Бақытқызы «XX ғасырдағы Жамбыл ауданы тарихы (архив деректері негізінде)», «Дулатитану және Өңір тарихы» ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері, тарих магистрі *Сәмбетова Гаухар Тешебайқызы* «XX ғасырдағы Жамбыл облысы аймағындағы темір жол тарихы», орталықтың кіші ғылыми қызметкері, тарих магистрі Дүйсенова Динара Насырқызы «Жамбыл облысындағы химия өндірісі: даму бағыттары мен аймақтық маңызы» атты ғылыми баяндамаларын жасады.

Семинар барысында қатысушылар XX ғасырдағы Жамбыл облысы тарихының аз зерттелген тұстарын нақты архивтік деректермен зерделеу, аймақтық тарихи үрдістердің жаңаша интерпретациясын ұсыну және ғылыми ынтымақтастықты арттыру жөнінде ұсыныстар білдірді. Іс-шараның соңында қатысушыларға арнайы сертификаттар табысталып, алдағы уақытта архивтік зерттеулерді кеңейту және ғылыми мақалаларын басылымдарға жариялау жоспарланды.





3.Кітап-AMANAT» партиялық жобасы аясында Жұмабай Шаштайұлының 75 жылдығына арналған «Әдеби мұра ұрпаққа аманат» атты әдеби кездесуінің (Жауапты: Құлбарак С.О.)

2025 жылғы 28 қазан күні «AMANAT» партиясының бастамасымен қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, жазушы Жұмабай Шаштайұлының 75 жылдық мерейтойына арналған «Әдеби мұра – ұрпаққа аманат» атты тағылымды әдеби кездесу өтті. Іс-шараның мақсаты – қаламгердің рухани мұрасын насихаттау, жас ұрпақты әдебиетке баулу және шығармашылық ортаны қалыптастыру.

Әдеби кештің модераторы Венера Тастамбаева жиынды 11:05–11:15 аралығында ашып, жазушының қазақ әдебиетіне қосқан үлесіне тоқталды. Ол Шаштайұлы шығармашылығының көркемдік ерекшеліктерін атап өтіп, қатысушыларды мерейтой иесінің шығармашылық жолымен тереңірек танысуға шақырды.

11:15–11:25 уақыт аралығында сөз алған ғалым, филология ғылымдарының докторы Сәмен Құлбарак жазушы мұрасының ғылыми тұрғыдағы мән-маңызына тоқталды. Ол Жұмабай Шаштайұлының ұлттық прозадағы өзіндік қолтаңбасын талдап, ұлт әдебиетіндегі орнын айқындап берді.

11:25–11:35 кезінде ақын Баймаханбет Ахмет қаламгердің рухани мұрасы мен поэтикалық әлеміне қатысты өз пікірін білдіріп, жазушы шығармаларының тәрбиелік маңызына тоқталды.

11:35–11:45 аралығында ақын Хамит Есаман сөйледі. Ол Жұмабай Шаштайұлының қазақ сөз өнеріне әкелген жаңашылдығы мен көркемдік биігін дәріптеп, жазушы туралы естеліктерімен бөлісті.

11:45–12:00 уақытында «Ақ жол» газетінің өкілі Ардақ Үсейінова сөз сөйлеп, қаламгердің журналистика мен әдебиеттегі еңбегін атап өтті. Сондай-ақ оның шығармаларының қоғамға ықпалы мен бүгінгі күнгі маңызын ерекше көрсетті.

Сағат 12:00-де пікір алмасу мен сұрақ-жауап бөлімі ұйымдастырылып, қатысушылар жазушының шығармаларына қатысты ой бөлісіп, маңызды сұрақтарын жолдады.

Іс-шара соңында қатысушылар естелік фотоға түсіп, әдеби кездесу жылы көңіл-күймен қорытындыланды.

blob:<https://web.whatsapp.com/12138bfa-d9ca-43bc-b8ac-d6e7af8be3e1>

28 қазан 2025 жыл

Кітап-AMANAT» партиялық жобасы аясында Жұмабай Шаштайұлының 75 жылдығына арналған «Әдеби мұра ұрпаққа аманат» атты әдеби кездесуінің

БАҒДАРЛАМАСЫ

Өтетін жері: Тараз қаласы, Ш.Уәлиханов атындағы облыстық әмбебап кітапханасының коворкинг-залы

Өтетін уақыты: 28 қазан 2025 жыл, сағат 11.00

Қатысушылар: 50 адам 10.30-11.00

Қатысушыларды тіркеу 11.00-11.05

Модератор Венера Тастамбаеваның кіріспе сөзі 11.05-11.15

Ғалым, филология ғылымдарының докторы Сәмен Құлбарақтың сөзі 11.15-11.25

Ақын Баймаханбет Ахметтің сөзі 11.25-11.35

Ақын Хамит Есаманның сөзі 11.35-11.45

«Ақ жол» газетінің Ардақ Үсейінова сөзі 11.45-12.00

Пікір алмасу, сұрақ-жауап 12.00

Естелік фотоға түсу

blob:<https://web.whatsapp.com/12138bfa-d9ca-43bc-b8ac-d6e7af8be3e1>



2025 жылдың 29 қазан күні
ІС-ШАРАНЫҢ ӨТКЕНІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

2025 жылдың 29 қазан күні сағат 10:00-де №67 орта мектебінде қоғамдық-гуманитарлық пәндер бірлестігінің «Тіл мен тарих – егіз ұғым» айлығы аясында «Адал азамат, ұлтжанды ұрпақ. Ұлттық құндылықтар» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – жас ұрпақты отансүйгіштікке, адамгершілікке, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу, сондай-ақ тіл мен тарих сабақтастығын ұғындыру болды.

Дөңгелек үстелге М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің қауымдастырылған профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты, «Дулатитану және өңір тарихы» ғылыми-зерттеу орталығының директоры Сейтқұлова Жанна Мамбетовна арнайы шақырылды.

Қонақ өз сөзінде ұлттық сана мен рухани жаңғырудың маңыздылығына тоқталып, жастардың патриоттық сезімін қалыптастыруда тарих пен тілдің рөлі туралы мазмұнды ой-пікірлерін ортаға салды.

2025 жылғы 29 қазан күні
КЕМЕЛ ТОҚАЕВ АТЫНДАҒЫ VIII РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ДЕТЕКТИВ
ШЫҒАРМАЛАР БАЙҚАУЫНЫҢ
МАРАПАТТАУ ШАРАСЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

2025 жылғы 29 қазан күні Тараз қаласында Кемел Тоқаев атындағы VIII республикалық детектив шығармалар байқауының марапаттау шарасы жоғары деңгейде өтті.

Дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын бұл байқау елімізде детектив жанрында қалам тербеп жүрген қаламгерлердің шығармашылығын кеңінен насихаттауға, сондай-ақ отандық әдебиеттің дамуына үлес қосуға бағытталды.

Марапаттау салтанатына еліміздің әр өңірінен келген жазушылар, әдебиеттанушылар, әдебиет зерттеушілері мен мәдениет саласының өкілдері қатысты. Іс-шара барысында әдебиеттанушы, филология ғылымдарының кандидаты Сәмен Құлбарак сөз сөйлеп, Кемел Тоқаевтың қазақ детектив әдебиетінің қалыптасуындағы айрықша рөліне тоқталып, байқаудың әдеби үдерістегі маңызын атап өтті.

Сондай-ақ байқауға ұсынылған үздік шығармалар сараланып, жеңімпаздар мен жүлдегерлерге арнайы дипломдар мен сыйлықтар табысталды. Шара барысында қатысушылар арасында пікір алмасу, шығармашылық байланыстарды нығайтуға бағытталған мазмұнды ойлар ортаға салынды.

Аталған байқау отандық детектив әдебиетінің дамуына серпін беріп, жас қаламгерлерді қолдауға арналған маңызды мәдени іс-шара ретінде жоғары бағаланды.

МАРАПАТТАУ ШАРАСЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

28.10.2025 ж.

20:00 – қонақтарды
күтіп алып, қонақ
үйге орналастыру.

29.10.2025 ж.

8:00 – таңғы ас.

9:30 – қаланың көрікті
жерлерін аралау.

13:00 – түскі ас.

15:00 – негізгі шара.

17:00 – қонақтарды
шығарып салу.

ҚҰРМЕТТІ

Сәмен Құлбарақ

Сізді Кемел
ТОҚАЕВ атындағы
VIII республикалық
детектив шығармалар
байқауының марапаттау
шарасына құрметті қонақ
ретінде шақырамыз.

Мекен-жайы:

Тараз қаласы,
Төле би даңғылы, 23Б
Достық үйі

Өтетін уақыты:

29 қазан 2025 жыл
Сағат: 15:00

2025 жылдың 31 қазан күні

«АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ІЛІМІ» АТТЫ АЛТЫНШЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

2025 жылдың 31 қазан күні, сағат 15:00-де Фараби кітапханасының 409-залында «Абай Құнанбайұлының шығармашылық мұрасы және ілімі» атты алтыншы халықаралық ғылыми конференция өтеді.

Бұл ғылыми жиын ұлы ойшыл, қазақтың дана ақыны Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына арналған. Конференцияның мақсаты – Абайдың әдеби және философиялық мұрасын қазіргі заман тұрғысынан зерделеу, оның ілімін жастардың рухани дамуына және қоғамның мәдени өркендеуіне қолдану жолдарын талқылау.

Іс-шараға отандық және шетелдік ғалымдар, абайтанушылар, жас зерттеушілер мен студенттер қатысады.

Конференция барысында баяндамалар тыңдалып, пікірталастар өткізіліп, қатысушылар арасында ғылыми тәжірибе алмасу жоспарланған.

Өтетін орны: Фараби кітапханасы, 409-зал

Өтетін уақыты: 2025 жыл, 31 қазан, сағат 15:00



3 қараша 2025 жыл

«М.Х. Дулатидың еңбектері – түркі тілдес халықтардың ортақ мұрасы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті


М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің Ғылым және коммерцияландыру департаментіне қарасты «Дулатитану және өңір тарихы» ғылыми-зерттеу орталығының ұйымдастыруымен «М.Х. Дулатидың еңбектері – түркі тілдес халықтардың ортақ мұрасы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Іс-шара Дулати ескерткіші алдына гүл шоқтарын қою және ұлы тұлғаға тағзым жасаудан басталды. Салтанатты рәсімге университеттің Басқарма мүшесі – Ректор Мұхтар Қазбекұлы Байжұманов қатысып, Дулати мұрасының ұлт тарихындағы маңыздылығын атап өтті.

Ашылу салтанатында университеттің Басқарма мүшесі – ғылым және цифрландыру жөніндегі проректор Сейтжан Әуесжанұлы Орынбаев қатысушыларды құттықтап, конференцияның ғылыми және мәдени маңыздылығына тоқталды.

Конференция жұмысына Түркия, Өзбекстан және Қырғызстан мемлекеттерінің белгілі тарихшылары, сондай-ақ Қазақстанның жетекші жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылары онлайн және офлайн форматтарда қатысып, М.Х. Дулатидың еңбектерін түркі өркениетінің ортақ мұрасы ретінде талқылады.

Іс-шара қорытындысында қатысушыларға алғыс хаттар табысталып, ұйымдастырушылар конференцияның алдағы уақытта дәстүрлі түрде жалғасатынын, сондай-ақ Дулатидың ғылыми мұрасын тереңінен зерттеу бағытында жұмыстар жалғасын табатынын атап өтті.



3 қараша 2025 жыл

«Білімнен келісімге: азаматтық бірегейлікті нығайтудағы білім мен зерттеудің әлеуеті»

2025 жылдың 3 қарашасында Тараз қаласында Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінде Қазақстан халқы Ассамблеясының Жамбыл облыстық ғылыми-сараптамалық тобы мен жас ғалымдар клубының «Білімнен келісімге: азаматтық бірегейлікті нығайтудағы білім мен зерттеудің әлеуеті» тақырыбындағы кеңейтілген отырысы өтті.

Іс-шараға облыстың этномәдени бірлестіктерінің өкілдері, ғалымдар, студенттер және БАҚ өкілдері қатысты.

Бағдарлама аясында М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің «Тарих» кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты, «Дулатитану және Өңір тарихы» ғылыми-зерттеу орталығының директоры Сейткұлова Жанна Мәмбетқызы сөз сөйлеп, білім мен ғылымның қоғамдағы тұрақтылық пен этносаралық келісімді нығайтудағы маңызын атап өтті. Өз баяндамасында ол жастардың тарихи санасын қалыптастыру мен азаматтық бірегейлікті дамытудағы ғылыми зерттеулердің рөлін нақты мысалдармен көрсетті.





Түгел түркіге ортақ тұлға – "Jambyl-Taraz" Самбетова Г.Т

<https://share.google/sRvSOeghS7MC3yvtb>



«Цифрлық қоғам және кітапхана» тақырыбындағы республикалық конференция.(Жауапты: Құлбарак С.О.)

Тараз қаласы «Орталықтандырылған көпшілік кітапханалар жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Сізден, Абай атындағы орталық кітапханасында «Book Dating» Жобасы аясында 2025 жылдың 17 қыркүйек күні сағат 11-00-де «Шығыстың ұлы ойшылы» атты зиялы қауым өкілдерінің қатысуымен өткізілетін оқырмандар конференциясына филология ғылымдарының докторы, профессор, «Дулатитану және Өңір тарихы» ғылыми-зерттеу орталығының бас ғылыми қызметкері Сәмен Құлбарак Оразғалиұлының қатысуын қамтамасыз етуіңізді сұраймыз.

2025 жылдың 17 қыркүйек күні сағат 11:00-де Абай атындағы орталық кітапханада «Book Dating» жобасы аясында өткен «Шығыстың ұлы ойшылы» атты оқырмандар конференциясына филология ғылымдарының докторы, профессор, «Дулатитану және Өңір

тарихы» ғылыми-зерттеу орталығының бас ғылыми қызметкері Сәмен Құлбарак Оразғалиұлы арнайы қатысты.

Іс-шара барысында зиялы қауым өкілдерімен бірге ой бөлісіп, тақырып аясында құнды пікірлер айтып, оқырмандармен еркін форматта сұхбат жүргізді. Профессордың қатысуы конференцияның ғылыми-танымдық мәнін арттырып, тыңдаушыларға терең мазмұнды ақпарат алуға мүмкіндік берді.

<https://dulatytanu.dulaty.kz/kk/zh-lykt-r/66-shy-ysty-ly-ojshyly>

“Х.М.Дулатидың еңбектері – түркі тілдес халықтардың ортақ мұрасы» атты тақырыбында халықаралық ғылыми-семинар өтті

02 Желтоқсан 2025 жыл

М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің Ғылым және коммерцияландыру департаментіне қарасты «Дулатитану және өңір тарихы» ғылыми-зерттеу орталығының ұйымдастыруымен “Х.М.Дулатидың еңбектері – түркі тілдес халықтардың ортақ мұрасы » атты тақырыбында халықаралық ғылыми- семинар өтті. Семинарға университет оқытушылары, зерттеушілер, магистранттар мен докторанттар қатысты.

Іс- шараның модераторы — «Дулатитану және Өңір тарихы» ғылыми-зерттеу орталығының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор Құлбарак Сәмен Оразғалиұлы.

Негізгі баяндама жасаған Гази университеті «Білім» факультеті, «Түрік тілі» бөлімінің докторы, PhD аға оқытушы Ерол Барын «Дулати мұрасы: Тіл – ұлттың мәдени болмысы мен рухани кемелдігінің темірқазығы» тақырыбында мазмұнды баяндама жасады.

Баяндаманы Анкара Хажы Байрам Вели университетінің 4-курс докторанты Сатаева Ботагөз ілеспе аударма жасады.

Құрметті әріптестер, қадірлі қатысушылар!

Бүгін біз тек бір тарихи тұлғаның еңбегін ғана талқылап отырған жоқпыз. Біз – тұтас түркі дүниесінің рухани іргетасын сақтап тұрған Дулати мұрасын қайта зерделеп отырмыз.

Мұхаммед Хайдар Дулати — түркі өркениетінің мәдени кодын терең түсінген ғалым. Оның «Тарих-и Рашиди» еңбегі – тек тарихи дерек қана емес, бұл – тілдің, мәдениеттің және рухани дәстүрдің үндестігін көрсететін шынайы рухани энциклопедия.

Дулати тілді ұлттың мәдени болмысының темірқазығы деп қарастырған. Ол үшін тіл – тек қарым-қатынас құралы емес, ол халықтың мінезі, дүниетанымы, рухани әлемі.Егер тіл жоғалса, халықтың рухани өзегі де әлсірейді.

Сондықтан Дулати еңбектері бізге үш маңызды ой қалдырады:

Тіл – ұлттық бірліктің негізі.

Түркі халықтарының көпғасырлық тарихы мен мәдениетін байланыстырып тұрған басты күш – тіл.

Рухани кемелдену тіл арқылы жүзеге асады.

Адамның ішкі мәдениеті, дүниені қабылдауы, тіпті адамгершілік қасиеттері де тілмен қалыптасады.

Өткенді білу – болашақты айқындайды.

Дулатиды оқу – тарихты ғана тану емес, бүгінгі күннің рухани сұрақтарына жауап іздеу.

Біз қазіргі заманда технология, ғылым, цифрландыру сияқты үдерістердің ортасында өмір сүріп жатырмыз. Бірақ қандай өзгеріс болса да, тіл мен руханият – адамзаттың мәңгілік құндылығы болып қала береді.

Сондықтан сіздер, жас ұрпақ, өз тарихын, өз тілін құрметтеп, Дулати сияқты ұлылар қалдырған мұраны терең түсінуге ұмтылуларыңыз қажет.

Дулати бізге мынаны аманаттады: «Өзіңнің кім екеніңді білгің келсе, тіліңе, тарихыңа кара».

Пікірталас барысында қатысушылар тарапынан түрлі ғылыми сұрақтар қойылып, баяндамашы жан-жақты жауап берді.


Осы кезеңде «Дулатитану және Өңір тарихы» ғылыми-зерттеу орталығының аға қызметкері Самбетова Гаухар Тешебайқызы да мазмұнды сұрақ қойып, баяндамашымен ғылыми пікір алмасты.

Оқушылардың арасындада шығып сұрақтар қойды.

Қорытынды бөлімде қатысушылар Дулати мұрасының түркі өркениеті тарихындағы рөлі, тіл және мәдени сабақтастық мәселелері бойынша өз ойларын ортаға салды. Түрік елінен келген Ерол Барынға баяндама жасағаны үшін алғыс хат табысталды. Алдағы уақытта дәстүрлі түрде жалғасатынын және Дулатидың ғылыми мұрасын тереңінен зерттеу бағытында жұмыстар жүргізілетінін атап өтті.







Самбетова Г.Т.– «Өрлік пен өнердің өшпес өкілі» – "Jambyl-Taraz" <https://z-taraz.kz/rlik-pen-nerdi-shpes-kili/>



Республикалық ғылыми-әдістемелік семинар өтті

22 Қазан 2025

XX ғасырдағы Жамбыл облысы тарихының аспектілерін архив деректері негізінде зерделеген республикалық ғылыми-әдістемелік семинар .

25 қазан Республика күніне орай «Дулатитану және Өңір тарихы» ғылыми-зерттеу орталығы мен «Тарих» кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы 2025 жылдың 22 қазан күні «XX ғасырдағы Жамбыл облысы тарихының аспектілері (мұрағаттық деректер негізінде)» атты тақырыпта республикалық ғылыми-әдістемелік семинар ұйымдастырып, өткізді.

1990 жылғы 25 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі тәуелсіз Қазақстанның бірінші құқықтық құжаты – Республиканың егемендігі туралы декларацияны қабылдап, Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі саяси-құқықтық негізін жариялады.

Егемендік декларациясы қазақ елінің жаңа тарихының бетін ашып, тәуелсіздікке жол салды. Сол кезеңдерден бері еліміздің тарихының ақтаңдақтар беттері қайта зерделеніп, толығып келеді. Әсіресе, өңір тарихы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары соңғы кезеңдерде жаңа бетбұрыспен жан-жақты зерделенуде.

Осыған орай өткізіліп отырған ғылыми-семинардың негізгі мақсаты – тарихтан тағылым алуда XX ғасырдағы Жамбыл облысының тарихи аспектілерін архив деректері негізінде саралап, зерттеп, ғылыми айналымға енгізу. Бұл бағытта жасалып жатқан ізденістер – өңір тарихының жаңа қырларын ашуға және жас ұрпаққа тарихи сананы терең ұғындыруға үлкен мүмкіндік береді. Ел тарихы түгенделмей – болашақ баянды болмайды. Өткен тарихты толғап, кейінгі буынға жеткізу жолында архив саласының қоғамдағы маңызы орасан.

Ғылыми-семинарға республикаға танымал ғалымдар мен зерттеушілер атсалысты. М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің Басқарма мүшесі – ғылым және цифрландыру жөніндегі проректор Орынбаев Сейітжан Әуесжанұлы алғы сөз алып, іс-шараны ашып, құттықтап, семинарға қатысып отырған зерттеушілердің ғылыми ойлары ортаға салынып, XX ғасырдағы Жамбыл облысының тарихына қатысты өзекті зерттеу мәселелері архив деректері негізінде ұсынылады деген сенімін білдірді. Сондай-ақ осындай семинарлардағы ғылыми айналымға еңбеген зерттеу жұмыстарын талдаудағы тың ізденістер жастарға ғылыми бағыт бере отырып, қызығушылықтарын арттыруда маңызды екендігін атап өтті.

Республикалық ғылыми-семинардың келесі қонағы, елімізге танымал ғалым, ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҒЖБМ ҒК, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры Зиябек Ермұханұлы Қабылдинов онлайн форматта «Қазіргі кезеңдегі аймақ тарихы бойынша өзекті мәселелер» тақырыбында ғылыми баяндамасын ортаға сала отырып, өңірлер тарихын зерттеу ісіндегі жаңа бағыттар мен архив материалдарының маңыздылығын ерекше атап өтті. Үлкен Отанға – Қазақстан Республикасына деген махаббат тарихы – адамның кіші Отанына деген махаббатынан бастау алатындығын, Өз ауылының, ауданы мен облысының тарихын білмей тұрып, Қазақстанның жалпы тарихын ешқашан біле алмайтындығын баса жеткізді. Тарихымызды жаңғыртуда өңірлік компоненттердің маңызы зор екендігіне тоқталды.

Семинар барысында әртүрлі бағыттағы ғылыми баяндамалар тыңдалып, XX ғасырдағы аймақтың әлеуметтік, мәдени және экономикалық дамуы мен полиэтностық жүйесінің тарихы архив деректері негізінде талқыланды.

Жамбыл облысы мемлекеттік архивінің бөлім басшысы – Зейноллаұлы Сағындық – «1917–1950 жылдардағы архив құжаттарын сараптау», «Дулатитану және Өңір тарихы» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, т.ғ.к., доцент Сейткулова Жанна Мәмбетқызы «Жамбыл

облысындағы этностар мен этникалық топтар тарихы (архив деректері негізінде)», «Тарих» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, PhD Мақсұтова Альбина Әбенқызы «Жамбыл облысындағы тәркілеу мен ашаршылық зардаптары», Л.Н. Гумилев атындағы Евразия Ұлттық университетінің Тарих ББ 3-курс докторанты Ермаханова Рая Бейсенәліқызы «Ш.Мұртазаның жеке мұрағаттының негізіндегі зерттеулер», «Тарих» кафедрасының аға оқытушысы, тарих магистрі Алпысбаева Ғалия Бақытқызы «XX ғасырдағы Жамбыл ауданы тарихы (архив деректері негізінде)», «Дулатитану және Өңір тарихы» ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері, тарих магистрі Сәмбетова Гаухар Тешебайқызы «XX ғасырдағы Жамбыл облысы аймағындағы темір жол тарихы», орталықтың кіші ғылыми қызметкері, тарих магистрі Дүйсенова Динара Насырқызы «Жамбыл облысындағы химия өндірісі: даму бағыттары мен аймақтық маңызы» атты ғылыми баяндамаларын жасады.

Семинар барысында қатысушылар XX ғасырдағы Жамбыл облысы тарихының аз зерттелген тұстарын нақты архивтік деректермен зерделеу, аймақтық тарихи үрдістердің жаңаша интерпретациясын ұсыну және ғылыми ынтымақтастықты арттыру жөнінде ұсыныстар білдірді. Іс-шараның соңында қатысушыларға арнайы сертификаттар табысталып, алдағы уақытта архивтік зерттеулерді кеңейту және ғылыми мақалаларын басылымдарға жариялау жоспарланды.

11:45–12:00 уақытында «Ақ жол» газетінің өкілі Ардақ Үсейінова сөз сөйлеп, қаламгердің журналистика мен әдебиеттегі еңбегін атап өтті. Сондай-ақ оның шығармаларының қоғамға ықпалы мен бүгінгі күнгі маңызын ерекше көрсетті.

Сағат 12:00-де пікір алмасу мен сұрақ-жауап бөлімі ұйымдастырылып, қатысушылар жазушының шығармаларына қатысты ой бөлісіп, маңызды сұрақтарын жолдады.

Іс-шара соңында қатысушылар естелік фотоға түсіп, әдеби кездесу жылы көңіл-күймен қорытындыланды.

blob:<https://web.whatsapp.com/12138bfa-d9ca-43bc-b8ac-d6e7af8be3e1>



«Тарихты таны, тұлғаны ұлықта» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

05 қаңтар 2026 ж

Жастардың тарихи танымын кеңейту, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және ұлт тарихындағы көрнекті тұлғалардың мұрасын насихаттау мақсатында Ш.Уәлиханов атындағы Жамбыл облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында **«Тарихты таны, тұлғаны ұлықта»** атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Аталған көрме М.Х. Дулати атындағы «Дулатитану және Өңір тарихы» ғылыми-зерттеу орталығының ұйымдастыруымен өтті. Шараға жоғары оқу орнының студенттері қатысып, қазақ тарихы мен рухани мұрасына қатысты құнды деректермен танысты.

Кітап көрмесінде тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметіне арналған еңбектер, ғылыми зерттеулер, деректі жинақтар ұсынылды. Кітапхана қызметкерлері көрмеге қойылған әдебиеттерге шолу жасап, олардың мазмұны мен маңызын жан-жақты түсіндірді.

Іс-шара жастардың тарихи санасын қалыптастыруға, ел тарихына деген қызығушылығын арттыруға және тұлғатану бағытындағы білімін тереңдетуге зор ықпал етті.





ҚАЙЫМ МҰХАМЕДХАНОВТЫҢ ТУҒАНЫНА 110 ЖЫЛ ТОЛУЫНА ОРАЙ «АҢЫЗ АДАМ – АҚИҚАТ ТҰЛҒА» АТТЫ ӘДЕБИ ПОДИУМ ӨТТІ

Қазақ руханиятының көрнекті өкілі, абайтанушы ғалым, әдебиет зерттеушісі, мемлекет және қоғам қайраткері Қайым Мұхамедхановтың туғанына 110 жыл толуына орай «Аңыз адам – ақиқат тұлға» атты әдеби подиум өтті. Тағылымды шара Шоқан Уәлиханов атындағы кітапханада ұйымдастырылды.

Іс-шараның негізгі мақсаты – Қайым Мұхамедхановтың бай ғылыми мұрасын, қазақ әдебиеті мен ұлттық руханияттағы айрықша орнын кеңінен насихаттау, жас ұрпақтың тарихи сана-сезімін қалыптастыру.

Әдеби подиум барысында «Дулатитану және Өңір тарихы» ғылыми-зерттеу орталығының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор Құлбарак Сәмен Оразғалиұлы сөз сөйлеп, Қайым Мұхамедхановтың Абай мұрасын зерттеудегі өлшеусіз еңбегіне, ұлт мүдесі жолындағы азаматтық ұстанымына кеңінен тоқталды. Сондай-ақ ғалымның тағдыры, ғылыми қайсарлығы мен рухани мұрасы жөнінде мазмұнды ойлар айтылды.

Шара аясында Қайым Мұхамедхановтың өмірі мен шығармашылығына арналған баяндамалар оқылып, еңбектерінен үзінділер ұсынылды. Қатысушылар ғалымның қазақ әдебиеттану ғылымындағы орны мен тарихи рөліне ерекше назар аударды.

Әдеби подиумға зиялы қауым өкілдері, кітапхана қызметкерлері, студенттер мен тұрақты оқырмандар қатысты. Қатысушылар шараның тәрбиелік және рухани маңызы зор екенін атап өтті.

«Аңыз адам – ақиқат тұлға» атты әдеби подиум Қайым Мұхамедхановтың есімін ұлықтауға, оның мол ғылыми мұрасын кейінгі ұрпаққа дәріптеуге бағытталған мазмұнды әрі тағылымды шара болды. <https://dulatytanu.dulaty.kz/kk/zh-lykt-r/85-a-yz-adam-a-i-at-t-l-a-atty-debi-podium-tti>



ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВТЫҢ 180 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ РУХАНИ ТАНЫМДЫҚ ІС-ШАРА ӨТТІ

Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл толуына орай Шоқан Уәлиханов атындағы кітапханада тағылымды мәдени-рухани іс-шара өтті. Аталған шараның негізгі мақсаты – жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың бай әдеби мұрасын насихаттау, оның шығармашылығы арқылы ұлттық рух пен отансүйгіштік қасиеттерді дәріптеу.

Іс-шара барысында Жамбыл Жабаевтың өмір жолы мен шығармашылық мұрасы кеңінен таныстырылып, ақынның қазақ әдебиетіндегі орны туралы мазмұнды баяндамалар жасалды. Кітапхана қорындағы Жамбыл Жабаевқа арналған кітаптар мен мерзімді басылымдардан арнайы көрме ұйымдастырылып, оқырмандар назарына ұсынылды.

Шараға белгілі қоғам қайраткері, ғалым «Дулатитану және Өңір тарихы» ғылыми-зерттеу орталығының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор Құлбарақ Сәмен Оразғалиұлы, Жамбыл Жабаевтың тарихи тұлғасы, ел руханиятындағы маңызы жөнінде құнды ой-пікірлерімен бөлісті. Ол өз сөзінде Жамбыл поэзиясының бүгінгі ұрпақ үшін тәрбиелік мәні зор екенін атап өтті.

Кеш барысында қатысушылар жыр алыбының өлеңдерін оқып, ән-жырларынан үзінділер орындады. Іс-шараға зиялы қауым өкілдері, студенттер, кітапхана оқырмандары мен әдебиетсүйер қауым қатысты.

Жамбыл Жабаевтың 180 жылдығына арналған бұл тағылымды жиын көрермендерге рухани серпіліс беріп, ұлттық әдеби мұраға деген қызығушылықты арттыра түсті.



Сәкен ҚҰЛБАРҚ,
әдебиеттанушы,
ҚР Жазушылар одағының мүшесі

ЖҰМАБАЙ ШАШТАЙҒЫ ПРОЗАСЫНДАҒЫ КҮЙ САРЫНЫ

Жаушы шығармаларындағы көпші-
керлердің төркіні кейде авторын
сыр-сұхбаттарынан аңдап қаласын.
Қазіргі қазақ прозасының көрнекті
өкілі Жұмабай Шаштайұлы да бір
сыр-сұхбатында туындыларында сү-
реттелетін жазықшы, қойшы шал
бейнесін түп-төркіні күйші, ұзақ
жылдар мал баққан өз әкесінің тұл-
ғасынан бастап алатынын айтып қал-
ған. Шынында, авторын еңге шығар-
маларына былай қойып, «Қонар» әңгі-
месі мен «Шал мен жазық» шықтың
оқығанда, осы бір жайға көзін анық
жете түседі.

Автор әңгімесі сыр-сұхбатқа былай
өбүлі: 1979 жылда оқу бітіргенімде ши-
лом жетекшім Рысғали Нұрғалиевке
«Біздің ауылда қойшылардың сөзге
болып жатыр, соған ертіп барсам қа-
лай қарайсыз?» – деген едім, ол кісі
біразен келісіп, қасына атакты әнші



Жұмабай ШАШТАЙҰЛЫ
(1950-2024)

Жәнібек Кәрменовті ертіп алды. Ауыл-
да аңамның шайын ішіп, жүз шақырым
қашықтықтағы қойшы ауылға аттандық.
Ескілікті әңгімеге төгілген шешен
Жәнібек сөздері жүрек қозғайтындай




Сәкен ҚҰЛБАРҚ,
филология ғылымдарының докторы,
профессор, МХ. Дулати атындағы Тараз
университеті «Дулаттану және өмір
тарихы» ғылыми-танымал орталығының
бас ғылыми қызматкері, әдебиеттанушы,
ҚР Жазушылар одағының мүшесі.

ОТБАСЫЛЫҚ, ҚҰНДЫЛЫҚ, - ӨЗЕКТІ ТАҚЫРЫП

Жаушы Қамат Тұлыбайның «Ша-
штардағы әйел» повесті және әңгіме-
лер жинағына енген туындылар
авторын өз ортасынан, тіпті отбасы-
лық тәртіп-жайлардан асыптан тәр-
теп қалдырғандық. Бір-бірі қайтала-
майтын әр ауыл миындар аламын
шығады. Адамдық қасиеттер мен
жансы қасиеттер тін – құндылық
өмірде айналдыра жүретін жандар.
Туындылардың көпшілігі бірінші
жақпен – Қараш деген жігітпен (қай а-
ғымдерімен Қарашай, Құрманш) баян-
даумен өртеледі. Қараш – сенімді, ой-
лы, тәртіптілік тұлғалы жайлы-
мын астарына үлкен, асылық ала-
дылық құрықтарға жауап іздейді.

Өмір ирмашы асылық бұзырларын
көңіл бөлуді ойлайды. Олардың бә-
тәрізділігі жөндіріс бейтарап қара-
май, түрлі ой көшеді. Туындыларда
түрліліктің жансы жақтарымен алтар
көңілді біттерті бірнеше шеші, ай-
қым бейнеленгенмен, Қараштың рух-
сы сенім-тоғымдысы адам мен – а-
ғымі әкеледі.

Көбінесе әңгімеде қалың, қала-
дан ауылға ағылып жатады. Оралы-
сынанмен жөні бастарында түйткілі
жайлар жеткізілі, бірі – өмірдегі,
бірі – моральді. Ауылда жұмыс,
қалада берекесі жоқ. Жалпы, тұрғын
ауылда, шығармаларда қалаға сө-
ніс алып жатқан әр ауыл тәңірлер
бейнеленген.



Бак-жарияланымдар :

1. Құлбарақ С.О.-«Халық үшін тыныштық пен тұрақтылық керек » «Арай»газеті
11 қыркүйек 2025ж www.arainfo.kz/aray2008@mail.ru

2.Ғылыми мақала,15.10.25ж

ӘДЕБИЕТТАНУ/ LITERATURE STUDIES/ ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ
<https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-152-3-206-219>

Тақырыбы: «Қытайдағы қазақ топонимдік аңыздары мен мотивтер»

С.О. Құлбарақ.<https://bulphil.enu.kz/index.php/main/article/view/1095/661>

3.Scopus

Максутова А.А - Kazakh History in British Periodicals: Interpretations and Historical Accuracy

4. Scopus

Максутова А.А -Kazakh History in British Periodicals: Interpretations and Historical Accuracy

5. ККСОН

PERSONALITY AND ACTIVITIES OF THE FIRST KAZAKH OFFICIAL OF THE
MIDDLE ZHUZ: SHON BI EDIGEULY

6. ККСОН

ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ СТАРШЕГО СУЛТАНА
БАЯНАУЛЬСКОГО ВНЕШНЕГО ОКРУГА КАЗАНГАПА БИ САТЫБАЛДЫУЛЫ

Сәмен ҚҰЛБАРАҚ

БАЙЗАҚ БАТЫРДЫҢ АҚЫРҒЫ КҮНДЕРІ

